



ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ

Жеке тұлға мен ұлттық мінез-
құлықты қалыптастырудағы
лексиканың рөлі





Дәрістің мақсаты: оқырман қазақтың ұлттық мінез-құлық сипатын қалптастырудағы туысқандық институты туралы, ұлттық мінезді қалыптастырудағы материалды мәдениеттің рөлі және әр мәдениеттегі мінез сипатын көрсететін құндылықтар мен байлыққа деген көзқарастар, сондай-ақ меценаттық туралы білім алатын болады.

Дәрістің басты терминдері: жігіттің үш жұрты, өз жұрты, қайын жұрты, нағашы жұрты.

- Үш жұрт – ер адамның өзі шыққан туған жұрты, анасының төркіні және әйелінің төркінімен есептелетін үш туысқан елі;
- Өз жұрты – жігіттің жеті ата, ағайын елі, бірге туған қандас бауырларынан тұратын жұрт;
- Нағашы жұрт – жігіт анасының шыққан елі, төркіні;
- Қайын жұрт – ер адамның алған әйелінің туысын, әке-шешесін, төркінін атайтын атау.

1. Қазақтың ұлттық мінез-құлық сипатын қалыптастырудағы туысқандық институты

Кез келген халықтың, ұлттың дүниеге деген көзқарасының негізінде ғаламның тілдік бейнесі қалыптасады. Дүниеге деген көзқарастардан сол ұлттың аксиологиялық құндылықтарын тауып алуға болады. Жеке тұлға мен ұлттық мінезді қалыптастыруда бізде қандай басымдық бар десек, алдымен туысқандық қарым-қатынас лексикасының көптігін айтар дедік. Қазақ мәдениетінде туысқандық қарым-қатынасқа байланысты үш жұрт ерекше аталады. Бұл өз жұртың, одан кейін нағашы жұртың және қайын жұртың. Осыған сәйкес жеті ата және ағайын деген ұғымдарда үлкен бір институционалды мағыналарға ие. Белгілі мәдениеттанушы Ақселеу Сейдімбек ағамыз бұны ұлыстың, халықтың этнобиологиялық, этномәдени тұтастығын, бірегейлігін, бір екендігін білдіретін ерекше бір көшпенділердің бір феномендік құбылысы деп атаған.

Егер қазақ мәдениетін түсінгіңіз келсе, осы туысқандық қарым-қатынастағы иерархияны, туысқандық қарым-қатынастағы әрбір тұлғаның атқаратын функциялардың логикасын, ондағы классификацияларды түсіну керек. Бұл жерде өз жұртың жеті ата, ағайының, өзіңнің бірге өмір сүретін әке-шешенің арғы жағындағы тарайтын жұртты айтады. Ал нағашы жұрт бұл шешенің төркіні. Қайын жұрт, көбіне қайын жұрт әйелдерге қатысты айтылмайды, өйткені әйел адам сол түскен жұртының адамы болып саналып кетеді. Бұл ер адамға айтылады, әйелінің туысын, әйелінің әке-шешесін айтады. Түптеп келгенде, бұл үш жұрттың барлығы сенің жұртың. Ол сені далаға тастамайды, кеудеңнен итермейді, сенің жамандығыңды жасырып, жақсылығыңды асырып сені өзінің адамы етеді. Сондықтан осы туысқандық қарым-қатынасты Ақселеу Сейдімбек бұл сол халықтың қорғаныс механизмі, халықтың әрбір мүшесінің физикалық, психологиялық, мына көшпенділер кеңістігіндегі өте кең, шегі жоқ көшпенділер кеңістігіндегі бөтендікті, бейтаныстықты меңгеретін, бейтанысты таныс қып алатын психологиялық адаптацияның механизмі деп атап көрсеткен.

2. Ұлттық мінезді қалыптастырудағы материалдық мәдениеттің рөлі

Ұлттық мінез-құлықты қалыптастыруда қазақ мәдениетінде төрт түлікке үлкен орын берілген. Екінші киіз үй, үшінші туысқандық қарым-қатынас. Қарап отырсақ, қазақ мәдениетінде мен деген орталық ядро болса, сол ядроның айналасындағы кеңістік киіз үйі – баспанасы, қорасындағы малы, қасына көрші қонатын қандас туысқандары. Осылар қазақ мәдениеті үшін өте үлкен маңызға ие.

Орыс тілінде душа сөзі «адамның ішкі психикалық (психологиялық) әлемі» мәнінде өте жиі қолданылады. «Словарь языка А.С. Пушкина» («А.С.Пушкин тілінің сөздігі») кітабындағы мәліметтерде бұл айқын көрініс тапқан. Пушкинде душа (рух) сөзі – қолданылу жиілігі



жоғары. Пушкин оны 774 рет қолданған. Оның 510-ы «адамның ішкі психологиялық әлемі» мәнінде қолданылған. «Адам о дүниелік болғаннан кейін де өмір сүре беретін материалдық емес бастама» мәнінде 44 рет қана қолданған. 510 және 44 – әрине ойландыруарлық айырма. «Бұл А.С. Пушкиннің қолдануында болғандықтан, оны советтік дінге қарсы үгіт-насихатқа жатқыза алмаймыз», – дейді Тер-Минасова.

Қазақтың дәстүрлі танымында байлық аса күрделі категория ретінде үш түрлі ұғымды 1) денсаулық, яғни дене мәдениеті; заттық байлық, яғни материалдық мәдениет; 2) ақыл-ес байлығы, яғни рухани мәдениетті қамтиды; 3) белгілі бір қоғамның мал-мүлік сияқты материалдық, заттық байлық мөлшері қоғамның жан басына шаққандағы жағдайымен айқындалады.

Тілдегі қолданысы жиі, белсенді лексемалар мен тіркестер тіл иесін немесе сөйлеушіні өзінің қарамағында ұстайды, оған үстемдігін жүргізеді, тәрбиелейді. Қазақтың ұлттық мінез-құлық сипатын қалыптастырудағы туысқандық институтының рөлі зор болатынын тілдегі лексемалар мен концепт жүйесін айтуға болады.

Өз бетінше орындайтын тапсырмалар

1. Ер адам болсаңыз, өз жұртыңыздың картасын салыңыз, жеті атаңызды санап, есімдерін жазыңыз, білмесеңіз ру ақсақалдарынан сұраңыз.

2. Әйел адам болсаңыз, келген жұртыңыздың барлық туысқандарының есімдерін жазыңыз, қанша адам болғанына қарап, өзіңіздің аралас-құраластығыңызға (яғни оларды тану, танымау болмаса араласатыныңыз, араласпайтыныңызды аңғарып) баға беріңіз.

3. Өзіңіздің әлеуметтік рөліңізді санамалап көріңіз, тұрмыста қанша әлеуметтік рөлде ойнайды екенсіз, байқаңыз.

Бақылау сұрақтары

1. Жігіттің үш жұрты туралы қандай түсінік алдыңыз?
2. Қазақ мәдениетіндегі туысқандық институттың атқаратын қызметі, рөлі қандай?
3. Бұрынғы қазақ меценаттарының пайда болуына қандай факторлар әсер етті деп ойлайсыз?

Дәріс тақырыбы бойынша қосымша ресурстар

1. Словцов И.Я., Путевые заметки, веденные во время поездки в Кокчетавский уезд, Акмолинской области, в 1878 году // ЗССОИРГО. Омск, 1881. Кн. III.

2. Чермак Л.К., Киргизское хозяйство в степном крае. СПб. 1912.

3. Турманжанов Ө., Қазақтың мақал-мәтелдері. Алматы: Көркемөнер. 1936.

4. Қайдар Ә., Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік) 1-том. Алматы: Дайк-Пресс, 2009.

5. Уәлиұлы Н., Әйелдердің мифтік санадағы бейнесінің паремиологиздердегі көрінісі. (репрезенттілуі) // Жалпы тіл білімі және түркі тілдіренің өзекті мәселелері атты ғылыми конференция материалы. Астана, 2010.

6. <http://malimeter.kz/kazak-zherindegi-mecenattyk-pen-kajyrymdylykty-n-dasturleri/>.

7. <http://e-history.kz/kz/publications/view/1391>.

8. https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_film_of_kunanbai/27415712.html.

9. <http://akikat.kazgazeta.kz/?p=1561>.

10. Фазылжанова А., Қазақ тілін үйретуде қолданылатын жаңартпалар // Мәдени мұра бағдарламасы бойынша зерттеулерді ЖОО бағдарламаларына ендіру. конф. мат. Алматы, 2008.